

Мемлекеттік ветеринариялық қадағалау объектілеріне диагностика немесе ветеринариялық-санитариялық саралтау нәтижесінде ветеринариялық зертханалардың саралтау актісін беру туралы Ережесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2002 жылғы 4 желтоқсандағы № 399 бұйрығына толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2009 жылғы 19 ақпандағы № 92 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2009 жылғы 18 наурызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 5598 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 26 қыркүйектегі № 11-03/472 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2012.09.26 № 11-03/472 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

Экспорттық-импорттық операцияларды жүргізуге әсер ететін, мемлекеттік ветеринариялық қадағалау объектілеріне диагностика немесе ветеринариялық-санитариялық саралтау нәтижесінде ветеринариялық зертханалардың саралтау актісін берудің оңайлату және мерзімін нақтылау мақсатында,

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Мемлекеттік ветеринариялық қадағалау объектілеріне диагностика немесе ветеринариялық-санитариялық саралтау нәтижесінде ветеринариялық зертханалардың саралтау актісін беру туралы Ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2002 жылғы 4 желтоқсандағы № 399 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Реестрінде тіркелген 2002 жылғы 26 желтоқсанда № 2100, Бюллетенінде жарияланған 2008 жыл № 9-10, бап 808) келесі толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген, мемлекеттік ветеринариялық қадағалау объектілеріне диагностика немесе ветеринариялық-санитариялық саралтау нәтижесінде ветеринариялық зертханалардың саралтау актісін беру туралы Ережесі

н е :

мынадай мазмұндағы 11-1-бабымен толықтырылсын:

"11-1. Қазақстан Республикасы аумағына/аумағынан тамақ өнімдерін әкелгенде (импорттағанда) және әкеткенде (экспорттағанда) ветеринариялық-санитариялық саралтау жасау мен саралтау актісін беру мерзімі

5 (бес) жұмыс күнінен аспайды".

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің М ал шаруашылығын дамыту және ветеринариялық қауіпсіздік департаментіне осы бүйрықты заңнамалық тәртіпте Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрық алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

A. Kүрішбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК